

1. Натурал сандар және оларға амалдар қолдану

1. Есептеңіздер:

- 1) $(54:1+0:1) \cdot 0 + (25-24) \cdot (12+0:36) =$
- 2) $(5672 \cdot 3 - 8120 : 4) - 2948 =$
- 3) $95 \cdot (6003:29) - 5 \cdot 2020 + 81 =$
- 4) $(1845 \cdot 6 - 237 : 3) - 345 =$
- 5) $(158 \cdot 19 - 399) \div (6345 \div 9 + 1898) =$
- 6) $(924 \cdot 907 - (92749 + 76571) : 451) : 138 =$

2. . Егер $203 \cdot 85 = 17255$ болса, онда

- а) $203 \cdot 850 = ?$ б) $202 \cdot 85 = ?$

3. $64 \cdot 78 \cdot 52 = 4056$ болса, онда

- а) $780 \cdot 52 = ?$ б) $52 \cdot 77 = ?$

4. Санды өрнекті жазып, оның мәнін табыңыз:

- 1) 184 пен 12-нің қосындысын 5 есе арттыру керек.
- 2) 1000 мен 45-тің айырмасын 5 есе кеміту керек.
- 3) 125 пен 5-тің көбейтіндісін 118-ге кеміту керек.
- 4) 900 бен 456-ның айырмасын 2 есе кеміту керек.
- 5) 184 пен 12-нің қосындысын 5 есе арттыру керек.
- 6) 1000 мен 45-тің айырмасын 5 есе кеміту керек.
- 7) 28 саны мен 12 және 7 сандарының айырмасының көбейтіндісін табу керек.
- 8) 97 және 43 сандарының қосындысының 5 және 4 сандарының көбейтіндісіне бөліндісін табу керек.
5. Санды өрнектің мәні 40 болатындай етіп жақшаларды орналастырыңыз:
 $4 \cdot 12 + 18 : 6 - 3$
6. 286 санын алу үшін қандай саннан 394 санын азайту керек?
7. 178 санын алу үшін 604 санын қаншаға кеміту керек?

8. Тура теңдік шығу үшін сандар арасына амалдар таңбасын және жақша қойыңыз: 1 2 3 4 5 6 7 = 24

9. Дәлелдеңіз:


- 1) $698:2 > 300$ 2) $185:5 < 200$ 3) $918:9 > 12$

II. _Өлшем бірліктерге есептер

1. Ауыстырыңыз:

- 1) $3007 \text{ см} = \underline{\hspace{1cm}} \text{ м } \underline{\hspace{1cm}} \text{ дм } \underline{\hspace{1cm}} \text{ см}$

- 2) 348 мм = ____ см ____ мм
 - 3) 865 дм = ____ дм ____ см
 - 4) 6 км = ____ м
 - 5) 46378 м = ____ км ____ м ____ дм ____ см
 - 6) 359 мин = ____ сағ ____ мин
 - 7) 507 см = ____ м ____ см
 - 8) 1 км 45м = ____ м
 - 9) 2 тәул 8 сағ = ____ сағ
 - 10) 2050 г = ____ кг ____ г
 - 11) 7 мин 36 сек = ____ сек
 - 12) 73 га 30 а = ____ а
 - 13) $54\text{м}^2 = \text{____}\text{дм}^2 = \text{____}\text{см}^2$
 - 14) 5жыл 8 ай = ____ ай
2. Өрнектің мәнін табыңыз:
- 1) $82\text{т} 25\text{кг} - 9\text{ц} 43\text{кг}$
 - 2) $17\text{м} + 3\text{ м} 400\text{ мм}$
 - 3) $34\text{ км} 84\text{ м} - 17\text{ км} 9710\text{м}$
 - 4) $4\text{ мин} 42\text{ сек} + 5\text{ мин} 37\text{ сек}$
 - 5) $3\text{ тәул} - 1\text{ тәул} 8\text{ сағ} 57\text{ мин}$
3. Жүгірушілердің жаттығуы 13.35-те басталып, 2 сағат 45 минуттан кейін аяқталды. Жаттығу сағат нешеде бітті?
4. Поез жолда 12 сағ 38 минут жүрді. Бағытталған қалаға сағат 21.00 -де келді. Ол алғашқы қаладан сағат нешеде шықты?
5. Сызбаны толықтырыңыз:



6. Қайсысы артық:

- 1) $1\text{ тәулік} * 1000\text{ минут}$
- 2) $1\text{ ай} * 100\text{ сағат}$
- 3) $2\text{ км} * 30000\text{ м}$

III. Теңдеу және оның түбірі

Төменде берілген теңдеулерді шешіп, дұрыстығын тексеріңіз:

1) $864 : x = 16$

2) $(x - 27) \cdot 3 = 54$

3) $768 : x = 12$

4) $(x - 34) \cdot 4 = 56$

5) $4 \cdot 387 = x - 6259$.

6) $3 \cdot 586 = x - 3569$.

7) $5 \cdot (x - 34) = 55$

8) $(x + 3) \cdot 6 = 72$

9) $y - 520 = 625 : 5$

10) $8 \cdot y = 1000 - 40$

11) $(x + 4005) - 470 = 4005$

12) $(x - 7836) + 7836 = 20546$

13) $1789 - x : 751 = 1788$

14) $(87546 - 4587) + x = 87546$

15) $(y : 8 + 18) \cdot 9 = 540$

16) $7478 \cdot 2 - y = 9805$

17) $70902 + a \cdot 2 = 95000$

IV. Жылдамдық, уақыт және арақашықтық

1. Екі ауылдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі велосипедші шықты. Екі ауылдың арасы 28 км. Егер бірінші велосипедшінің жылдамдығы 8 км/сағ, екінші велосипедшінің жылдамдығы 6 км/сағ болса, онда олар қанша уақыттан кейін кездеседі?
1. Арақашықтығы 65 км болатын екі ауылдан екі жаяу жүргінші бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы шықты. Егер бірінші жаяу жүргіншінің жылдамдығы 6 км/сағ, ал екіншісінің жылдамдығы 7 км/сағ болса, олар қанша уақыттан кейін кездеседі?
2. Айлақтан бір мезгілде екі теплоход кері бағытта жолға шықты. Бірі 40 км/сағ, екіншісі 30 км/сағ жылдамдықпен жүзсе, олардың арақашықтығы 2 сағаттан соң қанша км болады?
3. Арасы 346 км болатын екі қаладан сағат 10 -да екі автомобиль бір-біріне қарай бет алды. Біріншісінің орташа жылдамдығы-87 км/сағ, екіншісінің орташа жылдамдығы-86 км/сағ. Олар сағат нешеде кездесті?
4. Бір көшеде тұратын екі дос бір уақытта үйлерінен шығып, көшемен бір-біріне қарсы жүрді. Біріншісінің жылдамдығы 50 м/мин, ал екіншісінікі одан 20 м / мин артық. Олар 35 минуттан кейін кездесті. Достардың үйлерінің арасы қанша?
5. Арасы 355 км болатын екі кемежайдан сағат 11-де екі кеме бір-біріне қарай бет алды. Біріншісінің орташа жылдамдығы 32 км/сағ, екіншісінің орташа жылдамдығы-39 км/сағ. Кемелер қай уақытта кездеседі?
6. Арақашықтықтығы 240 км болатын екі кемежайдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы бағытта екі кеме шықты. Олар 3 сағаттан кейін кездесті. Бірінші кемең жылдамдығы сағатына 42 км. Екінші кемең жылдамдығын тап.
7. Автобус арақашықтығы 420 км екі қаланың арасын 7 сағатта жүріп өту керек. Алғашқыда 2 сағаттан ол жүру керек жылдамдықтан 5 км / сағ кем жылдамдықпен жүрді. Ол кестедегі уақыт бойынша кешікпей келу үшін қалған жолды қандай жылдамдықпен жүруі тиіс?
8. Ұшақ А қаласынан В қаласына қарай 4 сағ 13 мин ұшты. Белгіленген орынға жету үшін тағы 5 сағ 40 мин артық уақыт ұшуы керек. Ұшақ барлық жолды неше уақытта ұшып өтеді?
9. Екі қаладан бір мезгілде бір- біріне қарама- қарсы шыққан екі машина 3 сағаттан кейін кездесті. Екі қала аралығы 360 км. Бірінші машинаның жылдамдығы 65км/сағ болса, екінші машинаның жылдамдығы қандай?

10. Арлан үйден Айарудан 10 минут кеш шықты, бірақ Арланның жылдамдығы Айарудың жылдамдығынан екі есе артық. Арлан Айаруды қанша минуттан кейін қуып жетеді?
11. Арасы 270 км екі қаладан бір мезгілде бір-біріне қарама-қарсы бағытта екі автосаяхатшы жолға шықты. Біріншісінің жылдамдығы 70 км/сағ, екіншісінің жылдамдығы 65 км/сағ. Кездескенге дейін олардың әрқайсысы қандай қашықтықты жүріп өтеді?
12. Автомобиль 3 күнде 980 км жол жүрді. Жұма мен сенбі күндері ол 725 км жол жүрді. Егер сенбі күні жүрген жол жексенбі күні жүрген жолдан 123 км артық болса, әрбір күні автомобиль неше километр жол жүрді?
13. Турист 27 км жол жүруге тиіс еді. Ол таңертең 2 сағатты 5 км/сағ жылдамдықпен, кейінгі 2 сағатты 4 км/сағ жылдамдықпен, ал қалған жолды 3 сағатта өтті. Соңғы жолында ол қандай жылдамдықпен жүрді?
14. Тауар поезы екі елді мекеннің арасын 9 сағатта, ал жолаушылар поезы 6 сағатта жүріп өтеді. Егер тауар поезының жылдамдығы 40 км/сағ болса, жолаушылар поезының жылдамдығы қандай?
15. Екі ауылдан бір мезгілде бір-біріне қарама-қарсы шыққан екі машина 3 сағаттан кейін кездесті. Біркуінің жылдамдығы 60 км/сағ, екіншісінікі одан 10 км/сағ кем. Екі ауылдың арақашықтығы қанша?
16. Арақашықтығы 46 км екі елді мекеннен бір мезгілде 2 аттылы адам бір біріне қарама-қарсы шығып, 2 сағаттан кейін кездесті. Біріншісінің жылдамдығы 12 км/сағ. Екіншісінің жылдамдығын табыңыз.

V. Периметр, аудан және көлем

Тік төртбұрыштың ауданы мен периметрін табу формуласы: $S = a \cdot b$

$$P = (a + b) \cdot 2$$

Тік параллелепипедтің көлемін табу формуласы: $V = a \cdot b \cdot c$

1. Үшбұрыштың периметрі 50 см, бір қабырғасы 25 см, келесісі 15 см. Үшбұрыштың үшінші қабырғасын тап.
2. Ені 23 см, ал ауданы 552 см² болатын тік төртбұрыштың периметрін табыңыз.
3. Периметрі 24 см болатын шаршы берілген. Осындай 3 шаршының ауданын табыңыз.
4. Периметрі 20 см болатын берілген. Осындай 4 шаршының ауданын табыңыз.
5. Ұзындығы 15 см, ал периметрі 42 см болатын тіктөртбұрыштың ауданын табыңыз.
6. Ені 4 см, ал ұзындығы одан 2 есе үлкен тіктөртбұрыш салыңыз. Оның ауданы мен периметрін есептеңіз.
7. Шаршының ауданы 121см². Шаршының периметрін табыңыз.
8. Тік төртбұрыштың периметрі 36 см. Осындай периметрі бар шаршының ауданын табыңыз.
9. Тік төртбұрыштың ұзындығы 24 м, ал ені 18 м. Егер ұзындығын 1 метрге кемітіп, енін 2 метрге ұзартса, онда тік төртбұрыштың ауданы қалай және қаншаға өзгереді?
10. Артур сары қағаздан 16 см квадратты, ал көк қағаздан 13 см және 19 см жақтары бар тік төртбұрышты кесіп тастады. Ол қандай түсті қағазды көбірек жұмсады?
11. Тік төртбұрыштың ұзындығы 5 см, ені 3 см. Тік төртбұрыштың периметрінің жартысы неге тең?
12. Қырлары 3 см, 4 см және 5 см болатын, металлдан жасалған кубтар балқытылды да, бір жаңа куб құйылды. Жаңа кубтың қыры қаншаға тең?
13. Тік төртбұрыштың ауданы 5600 м², ал ені 40 м. Периметрі осы тік төртбұрыштың периметріне тең шаршының ауданын табыңыз.
14. Егер фигураның периметрі 32 см екені белгілі болса, онда осы фигураның ауданын табыңыз.
15. Тік төртбұрыштың ұзындығы 40 см, ені 15 см. Ауданы осы тіктөртбұрыштың ауданымен бірдей, ал ені берілген тік төртбұрыштың енінен 5 см ұзын болатын тік төртбұрыштың ұзындығын табыңыз.
16. Тік төртбұрыштың ені 25мм, ал ұзындығы одан 12 мм-ге артық. Тік төртбұрыштың ауданы мен периметрін анықтаңыз.
17. Ағаш жәшіктің өлшемі 40 см, 25 см және 20 см. Оны жіппен байлау керек. Егер байлауға 50 см артық алатын болса, жәшікті байлау үшін неше см жіп кетеді?

Бөлменің ұзындығы 6 м, ені 4 м. Егер 1 м² жерге 300 г сыр жұмсалатын болса, осы бөлменің еденін сырлау үшін қанша сыр қажет?

Шешуі: Алдымен бөлменің ауданын табамыз:

Берілді: бөлме

$a=6$ м

$b=4$ м

Жұмсалды – 1 м² жерге 300 г сыр

Қажет – неше кг сыр

$(6 \times 4) \times 300 = 24 \times 300 = 7200$ (г) – сыр

$7200 \text{ г} = 7 \text{ кг } 200 \text{ г}$

Ж.

VI. Мәтіндік есептер

1. Тоқыма фабрикасында 45 көк түсті, 105 жасыл түсті балалар кеудешесі дайындалды. Барлық өнімді қораптардың әрқайсысына 15-тен салды. Неше қорап қажет болды?
2. Бал араның екі ұясынан 100 кг бал алынды. Оның біреуінен екіншісіне қарағанда 4 кг артық алынды. Әр ұядан қанша бал алынды?
3. Алманың бағасы 420 теңге, бұл картоптың бағасынан 3 есе қымбат. Картоптың бағасы қанша?
4. Қалалық автобус паркінде 24 «Газель» және 12 «Мерседес» автобусы бар. Жұмыс күнінің соңында барлық автобустарды жабық тұрақтардың әрқайсысына 6 автобустан қояды. Барлық автобус неше жабық тұраққа қойылады?
5. Екі баспахана бірдей өнімділікпен жұмыс жасай отырып, барлығы 8640 кітап басып шығарды. Егер бірінші баспахана 7 күн, ал екіншісі 5 күн жұмыс істесе, онда әр баспахана неше кітап басып шығарған?
6. Ойлаған санды 3 есе көбейтіп, нәтижеден 25-ті алып тастағанда бастапқы саннан 2 есе аз сан алдым. Мен қандай сан ойладым?
7. Үйдің алтыншы қабатына апаратын баспалдақ сол үйдің екінші қабатына апаратын баспалдақтан неше есе ұзын?
8. Анасы ұлы мен қызына 160 теңге берді. Ол қызына 40 теңгені ұлына қарағанда көп берді. Анасы балаларының әрқайсысына қаншадан берді?
9. Көкөніс қоймасында 2350 ц қырыққабат болды. Бірінші күні базадан 384 ц қырыққабат алынды, бұл екінші күні шығарылғаннан 46 ц аз. Үшінші

күні қырыққабат алғашқы екі күнге қарағанда 278 центнер аз шығарылды. Қоймада қанша қырыққабат қалды?

10. Дүкенге 72 кг мандарин әкеліп, 8 пакетке тең бөлініп салынды. 108 кг мандаринді осылай тең етіп бөлу үшін қанша пакет қажет болады?
11. Әр сиыр күніне шамамен 16 литр сүт береді. Егер фермерде 9 сиыр болса, аптасына қанша сүт алады?
12. Асан бір сан ойлады. Мен оған 8 -ді қосып, қосындыны 4-ке бөліп, 2-ге көбейтіп, 11-ді алып, 7-ге бөліп, 5 санын алдым. Асан қандай сан ойлады?
13. Бір тігінші бір ауысымда 18 жұп қолғап тігеді. Егер бригадада 7 адам жұмыс істесе, бригада 6 күнде қанша жұп қолғап тігеді?
14. Сайлау кезінде үш кандидаттың біреуіне 3402 сайлаушы дауыс берді, екіншісіне – бірінші сайлаушыға қарағанда 584 сайлаушы, ал үшіншісіне – екіншісіне қарағанда 268 сайлаушы аз дауыс берді. Егер осы ауылда барлығы 11 362 сайлаушы болса, сайлауға қанша адам келмеді?
15. Бір санды алдымен 14-ке көбейтті, содан кейін 4 есе өсірді, нәтижесін 110-нан азайтқанда 18 шықты. Бастапқыда қандай сан жазылды?
16. Күзде үш алма ағашынан 90 кг алма жиналды. Біріншісінен 35 кг, ал екіншісінен алғашқы алма ағашының $\frac{5}{7}$ бөлігі жиналды. Қай алма ағашынан көбірек алма жиналды және қаншаға?
17. Мектеп кітапханасындағы түптеуге тиісті кітаптарды Әнел және оның екі досы үшеуі тең бөліп алды. Әнел бірінші күні өзі түптеуге тиісті кітаптардың жартысын және 3 кітапты түптеді. Ал екінші күні одан қалған кітаптардың жартысын және 5 кітапты түптегенде, түптелмеген 7 кітап қалды. Олар барлығы неше кітап түптеуге тиісті еді? Әнел бірінші күні неше кітап түптеді?
18. Бір бөшкеде 20 кг бал бар еді. Маймақ аю одан 2 кг бал алғаннан кейін онда екінші бөшкеге қарағанда 4 кг-ға кем бал қалды. Екі бөшкеде қанша бал болды?
19. Үш жерқазушы 4 күнде 1 шұңқыр қазады. 6 жерқазушы сондай шұңқырды қанша күнде қазады?
20. Бақшадан 56 кг картоп жиналып, 4 қапқа салынды. Егер картоп 126 кг болса, қанша қап қажет болады?
21. Маймақ аю қыс мезгіліне бал дайындаған. Бір күбіде 72 кг, екінші күбіде біріншіден 3 есе кем, ал үшіншіде екіншіге қарағанда 68 кг артық бал болған. Маймақ аю қыстыққа қанша бал дайындаған?
22. Бірінші дүкенге бірдей жәшіктерде 520 кг алма, екінші дүкенге дәл осындай жәшіктерде 460 кг алма әкелінді. Екінші дүкенге бірінші дүкенге қарағанда 3 жәшік аз әкелінді. Әр дүкенге қанша жәшік алма әкелінген?

VII. Әртүрлі логикалық есептер

1. Цифрларының барлығы әр түрлі болатын он орынды (он таңбалы) ең кіші санды жазыңыз.
2. 4921508 санында кейбір цифрларды өшіргенде ең кіші үш таңбалы сан шығуы тиіс. Өшіруге болатын төрт цифрды көрсетіңіз.(Берілген сандағы цифрлар реті өзгермейді).
3. Қыры 6см-ге тең боялған куб қыры 1 см-ге тең кішкентай кубтарға бөлінді. Кем дегенде екі жағы боялған қанша кішкентай куб болады?
4. Натурал санның оң жағына 4 цифры жазылды. Жаңа шыққан сан мен бастапқы санның қосындысы 499. Бастапқы санды табыңыз.
5. Барлық цифрлары әртүрлі ең үлкен және ең кіші бес таңбалы сандардың қосындысы неге тең? (Бірінші санның барлық цифрлары әртүрлі және екінші санның да барлық цифрлары әртүрлі.)
6. Жансая Жанеркеден 3 жас үлкен. Жанерке Әйгерімнен 4 жас үлкен. Жансая 16 жаста болса, үшеуінің жастарының қосындысы нешеге тең?
7. Қорапта 8 қоңыз және өрмекші салынған, оларда барлығы 54 аяқ бар. Қоңызда 6 аяқ, өрмекшіде 8 аяқ бар, сонда қорапта олар нешеуден?
8. Аулада тауықтар жүр.Олардың 22 аяғы бар.Тауықтарға 3 балапан мен 2 мысықтың баласы қосылды. Аулада барлығы неше аяқ серуендеп жүр?
9. Екі тәрелкеге 27 қараөрік бар. Бір тәрелкедегі қараөріктің саны екінші тәрелкедегі қараөріктердің санының жартысын құрайды. Әр тәрелкеде неше қараөріктен бар?
- 10.Даяна мен Дана оқитын бүкіл сынып бір қатарға тұрды. Даянаның артында Дананы қосқанда 16 адам, ал Дананың алдында 14 адам тұр. Егер Даяна мен Дананың арасында 7 адам болса, сыныпта қанша бала бар?
- 11.Екі бақыраш су-жарты шелек, ал үш кесе – жарты шелек. Сонда екі шелекте неше кесе бар?
- 12.Таудың басындағы лагерде 48 спортшы демалды. Олардың бір бөлігі серуенге аттанғаннан кейін, лагерде барлық спортшыға қарағанда 36 адам кем қалды. Лагерде қалған адамдар серуенге кеткен адамдардан неше есе артық?
13. Екі жылыжайдан 720 кг қияр жинап алды.Бірінші жылыжайдың ауданы 22м^2 , екіншісінің ауданы 38м^2 .Егер әр квадрат метрден бірдей мөлшерде қияр жиналса, әр жылыжайдан неше кг қияр жиналады?
- 14.Әділет, Еркін, Ерлік үшеуі лагерьде кездесті. Бұлардың біреуі-Қосқұдықтан, екіншісі-Үштөбеден, үшіншісі-Көктөбеден келген. Әділет пен Қосқұдықтан

келген Еркін екеуі бір бөлмеге орналасты, бұлардың екеуі де Үштөбеде болып көрмегендігі белгілі болса, қай бала қай ауылдан келген?


15. Өзен жағасында 45 кг, 50 кг, 80 кг салмағы бар үш саяхатшы 100 кг сыйымдылығы бар кішкене қайықпен өзеннің келесі жағасына қалай жетеді?
16. Сабақтан кейін үшінші сыныптың оқушылары мұражайға барды. Мұражай кіреберісінде мұғалім оқушыларды үш қатармен сапқа тұрғызды. Ералы, Ибрагим, Әли үшеуі қатар тұрды да өздері алдынан санағанда 7-ші, артынан санағанда 5-ші қатарда тұрғанын білді. Мұражайға қанша оқушы барғанын табыңыз.
17. Марат, Бақыт және Қанат-достар. Олардың фамилиялары- Имашев, Саматов, Омаров. Марат Омаров емес, Бақыттың әкесі- инженер. Бақыт 6-сыныпта оқиды, Омаров 5-сыныпта оқиды. Имашевтың әкесі-дәрігер. Достардың фамилиялары қандай?
18. Бес қорапта бірдей алма саны бар. Егер сіз әр қораптан 60 алманы алып тастасаңыз, онда барлық қораптардағы алма саны бұрынғы екі қораптағы алма санына тең болады. Бастапқыда әр қорапта қанша алма болды?
19. Жарыста Қанат, Болат, Бақыт және Жанат алғашқы төрт орынды иеленді. Ешқандай екі бала бір орынды бөліскен жоқ. Кім қандай орынды иемденгені туралы сұраққа, Қанат: «бірінші де, төртінші де емес», ал Болат: «екінші» деп жауап берді. Ал Бақыттың соңғы орында емес екендігі байқалды. Балалардың әрқайсысы қандай орынды иемденген?
20. Үш қыз ақ, жасыл және көк көйлек киіп шықты. Олардың туфлилері осы үш түстің біріне келеді. Анардың ғана көйлегі мен туфлиінің түстері бірдей болған жоқ. Дананың көйлегі мен туфлиі ақ емес, Назымның туфлиі жасыл. Олардың әрқайсысының көйлектері мен туфлилерін анықта.
21. Үстелде үшбұрыш, ромб, дөңгелек, шаршы қатар жатыр. Олардың түстері – жасыл, сары, көк, қызыл. Егер қызыл түсті фигура жасыл және көк түстің арасында жатқан болса, сары фигураның оң жағында ромб жатса, үшбұрыш шетінде жатпаса, және көк түсті фигура сары түсті фигураның қасында жатпаса, онда фигуралардың қандай ретпен жатқанын және олардың әрқайсысының түстерін анықтаңыз. Ұлы 7 жаста, ал әкесі 37 жаста. Қанша жылдан кейін әкесі ұлынан үш есе үлкен болады?
22. Егер әкесі мен ұлының жасын қоссақ, 66 санын аламыз. Егер әкесінің жасының цифрларын орнын ауыстырсақ, онда ұлының жасын аламыз. Ұлының жасы 7-ден кем, әкесінің жасы 59-дан аспайды. Әкесі мен ұлы қанша жаста?
23. Әкесі 29 жаста, ал ұлы 5-те. Неше жылдан кейін әкесінің жасы ұлының жасынан 2 есе үлкен болады?
24. Әкесі 27 жаста болғанда баласы 3 жаста болды. Ал қазір баласының жасы әкесінің жасынан 3 есе кем. Әрқайсысының жасы нешеде?
25. Үш дос: Әуез, Елнар және Мырзатай бір сыныпта оқиды. Олардың біреуі мектептен үйіне автобуспен, біреуі – трамваймен және біреуі троллейбуспен қатынайды. Бір күні сабақтан соң Әуез досын автобус аялдамасына дейін шығарып салды. Қастарынан троллейбус өтіп бара жатқанда, үшінші досы терезеден: «Елнар, сен мектепке дәптеріңді ұмытып кетіпсің!» - деп

айқалайды. Кім үйіне немен барады?

26. Автобуста бірнеше жолаушы болған. Аялдамадағы автобустан 6 жолаушы шығып, 11 жолаушы кірген. Келесі аялдамада 8 шықты, 9 кірді. Егер екінші аялдамадан кейін автобуста 36 жолаушы болса, бастапқыда автобуста қанша жолаушы болды?

27. Айару мен Аяна 1-ден 99-ға дейінгі барлық сандарды қатарынан бос орын қалдырмай жазды. Осы санның жазбасында 1 саны неше рет қайталанады?

28. Суретте көрсетілген фигураны тордың сызықтары бойымен 4 тең бөлікке



бөліңіз.

29. Дүкен 8.20-дан 22.30-ға дейін жұмыс істейді, түскі үзіліс 14.30-дан 15.30-ға дейін. Дүкен қанша сағат және минут жұмыс істейді?

30. Ернұр Саматтан үлкен, ал Самат Ерболдан үлкен. Асыл Саматтан үлкен, ал Дана Ернұрдан кіші, Асылдан үлкен. Жасы бойынша үшінші кім?

31. Кез-келген үш көрші ұяшықтағы сандардың қосындысы 20-ға тең болатындай етіп ұяшықтарды сандармен толтырыңыз.

9								5		
---	--	--	--	--	--	--	--	---	--	--

32. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сөзді табыңыз.

КӨКШЕТАУ + КӨКСЕРЕК = КӨКСЕТ


ҚҰЛПЫНАЙ + ҚЫЗҒАНЫШ = ?

ҚЫЛПАН, ҚЫЗҒАН, ҚҰЛПЫР, ҚҰЗҒЫН, ҚҰРҒАН





33. Төрт бүтін санның (әр түрлі болуы шарт емес) қосындысы және көбейтіндісі 8-ге тең. Бұл қандай сандар?

34. Есепте: $99 - 97 + 95 - 93 + 91 - 92 + \dots + 7 - 5 + 3 - 1$

35. Берілген фигуралар белгілі бір заңдылықпен тізбектелген:




2019-шы орында қандай фигура болады?



36. Үйдің 1-ші қабатынан 3-ші қабатына көтерілу үшін 52 баспалдақты басып өту керек. Осы үйдің 1-ші қабатынан 6-шы қабатына көтерілу үшін қанша баспалдақты басып өту керек?

37. Қорапта 15 шар бар: қызыл, сары және ақ. Ақ шарлар қызылға қарағанда 7 есе көп. Қораптағы сары шар нешеу?




38. Қыры 1 см-ге тең кубтың барлық жақтарын бояу үшін 6 грамм бояу қажет болды. Қыры 2 см-ге тең алты кубты суретте көрсетілгендей бір-біріне желімдеді. Осы фигураны бояу үшін қанша грамм бояу қажет болады?

39. Телефонның паролі 3-ке бөлінетін цифрлардан құрастырылған және ол цифрлар қайталанбайды. Телефонды блоктан шығарардың алдында ең көп дегенде қанша әртүрлі әрекет жасалуы мүмкін?

40. Бір сағатта станок 100 6-метрлік тақтайды ұзындығы 2 м бөліктерге бөледі. Осы станокпен 508 метрлік тақтайды 2 м бөліктерге бөлу үшін қанша уақыт керек?

41. Әсем бөлменің бұрышына суретте көрсетілгендей етіп қораптар қойды. Барлық қораптар бірдей. Суретте қанша қорап қойылды?




42. Тізбекті жалғастырыңыз:

1) 1, 2, 5, 10, 17, 26,

2) 3, 5, 10, 12, 24, 26,

43. Мәди кішкентай шаршылардан тұратын баспалдақтар тізбегін салды.

Төменде салу кезеңдері көрсетілген: 1-кезеңде ол 1 шаршы, 2-кезеңде 3 шаршы, 3-кезеңде 6 шаршы пайдаланды. Мәди төртінші кезеңде неше шаршы пайдаланады?



44. Сандар тізбегінің өзгеру заңдылықтарын анықтап, келесі мүшесі мен 21-ші мүшесін тап: 0; 2; 6; 12; 20; 30; ...

45. Төменде берілген сандар белгілі бір заңдылықпен орналасқан. Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін санды табыңыз:

1) 5, 11, 17, 23, 29, 35, ?

2) 1, 4, 9, 16, 25, 36, ?

3) 2, 6, 18, 54, 162, 486, ?

4) 78, 91, 104, K, 130, L, M $K+L+M=?$

46. Төменде берілген сандар белгілі бір заңдылықпен жазылған. Тізбектердің ішіндегі бір сан сол заңдылықты бұзып тұр. Осы санды тауып, тізбектің бос орындарын толтырыңыз.:

1) 4, 8, 14, 16, 20, 24, 28,


2) 42, 40, 38, 35, 33, 30, 28,

3) 4, 8, 14, 16, 20, 24, 28,

4) 6, 10, 14, 20, 22, 26, 30,

5) 8, 12, 9, 13, 10, 14, 13,

47. Төмендегі суретте белгілі бір ретпен орналасқан шаршылардың алғашқы үшеуі көрсетілген. Бесінші орында тұратын шаршының ауданы қандай болады?



48.ЕСКЕК сөзіне сәйкес келетін санды анықтаңыз:

ЕРМЕК, ЕСКЕК, СИРЕК, КІЛЕМ, СЕРІК

43545, 42145, 57841, 34275, 36245

49.ӨРІК сөзіне сәйкес келетін санды анықтаңыз: ӨРІК, ҮТІР, ӨНЕР, ТӨРЕ,

ТІКЕ 1978, 2578, 9253, 2435, 9783

50. 5 4 3 5 2 5 - А С Т А Н А . Сұрақ белгісінің орнына сәйкес келетін сөзді табыңыз: 5 2 4 5 - ? АТАН, ТАНА, АНАР, АНСА, САНА

Дүкенде екі күнде 80 жейде сатылды. Сатылған жейделерден бірінші күні 24000 теңге ал екінші күні 14400 теңге түсті. Әр күні неше жейде сатылған?

1-күні – 24000 тг }
2-күні – 14400 тг } 80 жейде

Әр күні неше жейде сатылды?

$(24000 + 14400) : 80 = 480$ (тг) – 1 жейденің бағасы

$24000 : 480 = 50$ (ж.) – 1-күні

$14400 : 480 = 30$ (ж.) – 2-күні

Ж:

8. Бөлменің ұзындығы 6 м, ені 4 м. Егер 1 м^2 жерге 300 г сыр жұмсалатын болса, осы бөлменің еденін сырлау үшін қанша сыр қажет?

Берілді: бөлме

$a=6$ м

$b=4$ м

Жұмсалды – 1 м^2 жерге 300 г сыр

Қажет – неше кг сыр

$(6 \times 4) \times 300 = 24 \times 300 = 7200$ (г) – сыр

$7200 \text{ г} = 7 \text{ кг } 200 \text{ г}$

Ж.